«8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
ТӨЛЕНДІ ШОЛПАН ҚАНАТҚЫЗЫНЫҢ
«Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№ р/н	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқалары)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс әлеуметтік жұмысты ғылым ретінде дамытудың стратегиялық басым бағыттарына және балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасылық қолдауды нығайту мәселелеріне арналған халықаралық ғылыми-практикалық бағыттарға толық сәйкес келеді. Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға қатысты әлеуметтік оңалтуды ұйымдастыру – әлемдік қауымдастық мойындаған аса өзекті әлеуметтік проблема болып табылады. Зерттеу мазмұны балаларды қорғау және жыныстық зорлық-зомбылық саласындағы халықаралық тәжірибелермен, атап айтқанда, әлемдік жетекші ұйымдардың (балалар құқығын сақтау, психоәлеуметтік оңалту, және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы) институционалдық ұсынымдары мен тұжырымдамаларымен теориялық-әдіснамалық жағынан өзара үйлеседі. Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұнында АҚШ, Канада, Норвегия, Ұлыбритания, Германия секілді елдердің жыныстық зорлыққа ұшыраған балаларды оңалту тәжірибелері талданып, олардың кейбір тиімді үлгілері Қазақстанның әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне бейімделу тұрғысынан қарастырылған. Бұл елдерде қолданылатын мультидисциплинарлық тәсілдер – әлеуметтік қызметкерлер,

			құқық қорғау органдары, медициналық және психологиялық көмек көрсететін мамандардың тығыз өзара іс-қимылы – диссертацияда ұсынылған кешенді оңалту моделінің негізіне алынған. Сонымен қатар, жұмыс 2024 жылы қабылданған Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнамалық өзгерістердің мазмұнымен сабақтас және жәбірленуші балаларды кешенді қолдау тетіктерін дамытуға бағытталған. Диссертациялық зерттеуде ұсынылған авторлық оңалту бағдарламасы мен әдістемелік құралдар — осы салада ғылыми негізделген, мәдени тұрғыдан бейімделген және әлеуметтік жұмыстың халықаралық стандарттарына сәйкес келетін тың қадам болып табылады. Жалпы алғанда, шетелдік тәжірибелер мен халықаралық ұсынымдарды ескере отырып әзірленген бұл зерттеу қазіргі таңда Қазақстанда жүйелі оңалту қызметтерінің жеткіліксіздігін еңсеруге бағытталған және әлеуметтік жұмысты ғылыми негізде дамытудың маңызды үлгісі болып табылады. Диссертациялық тақырыптың таңдауы әлемдік ғылыми үрдістермен үйлеседі және ұлттық ғылымның практикалық бағытталуын арттыруға қызмет етеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Төленді Шолпан Қанатқызының PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар: халықтың әл-ауқаты, инклюзия және әлеуметтік әділеттілік» бағытына нақты сәйкес келеді. Диссертацияда қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік әлсіз топтардың бірі – жыныстық зорлық көрген балалардың құқықтарын қорғау, оңалту жүйесін дамыту, оларға кешенді қолдау көрсету, сондай-ақ кәсіби әлеуметтік жұмыс саласын жетілдіру бойынша өзекті әрі жүйелі ғылыми тұжырымдар ұсынылған. Бұл бағыт ЖҒТК тарапынан

			белгіленген қоғамның әлеуметтік әділеттілікке, мәдени инклюзияға және әл-ауқат сапасын арттыруға бағытталған зерттеулер аясымен толық үйлеседі. Зерттеудің мазмұны жыныстық зорлық құрбандары болған балаларға қолдау көрсету кезіндегі ведомствоаралық өзара әрекеттесу, әлеуметтік қызметкерлер мен психологтардың кәсіби қиындықтары, сондай-ақ халықаралық оңалту тәжірибесін ұлттық контексте бейімдеу мәселелерін қамтиды. Бұл зерттеу әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасын өзара сабақтастырып, интегративті, мультидисциплинарлық әдіснама негізінде құрылып, әлеуметтік ғылымның дамуына нақты үлес қосады. Диссертация мазмұны арқылы отандық ғылыми кеңістікте сирек қозғалатын тақырып – сексуалдық зорлық көрген балалармен кәсіби әлеуметтік жұмыстың ұлттық моделін жасау мәселесі терең қозғалды. Осы арқылы зерттеу ЖҒТК белгілеген басым ғылыми міндеттердің – халықтың өмір сүру сапасын арттыру, осал топтарды қорғау, әлеуметтік әділеттілікке негізделген саясат жүргізу сынды мақсаттарына жауап береді және еліміздің әлеуметтік саладағы жаңғырту саясатына ғылыми негіз ұсынады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Төленді Шолпан Қанатқызының диссертациялық зерттеуі әлеуметтік жұмыс ғылымының отандық контексіндегі теориялық және практикалық негіздерін кеңейтуге бағытталған жүйелі ізденіс болып табылады. Жұмыстың ғылымға қосқан үлесі – жыныстық зорлыққа ұшыраған балалармен әлеуметтік жұмыстың қазақстандық үлгісін әзірлеу, оның көпдеңгейлі және пәнаралық сипатын ашу арқылы көрінеді. Бұл бағыт – қазіргі таңда Қазақстанда жеткілікті деңгейде зерттелмеген ғылыми проблема болып табылады. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдамалық негіздер мен авторлық интерпретациялар әлеуметтік жұмыс саласында ғана емес, психология, педагогика, юриспруденция және әлеуметтік саясат салаларына да әдістемелік импульс береді. Автор әлеуметтік реабилитацияның құрылымдық компоненттері мен

			тиімділігін анықтау үшін қолданылған ғылыми әдістер арқылы ғылыми әдіснаманың дамуына да үлес қосады. Зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы тек теориялық негізде ғана емес, практикалық ұсыныстармен де бекітілген. Бұл ұсыныстар Қазақстандағы әлеуметтік саясатты жетілдіруге және жыныстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету жүйесін реформалауға бағытталған. Автордың ғылымға қосқан үлесі оның 9 ғылыми жарияланымында, соның ішінде Scopus базасында индекстелген журналда жарияланған мақаласында да көрініс тапқан. Бұл факт зерттеу нәтижелерінің халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан да құндылығын көрсетеді. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласына елеулі үлес қосып отыр және оның ғылыми маңыздылығы жұмыстың бүкіл құрылымында қисынды әрі жүйелі түрде ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Төленді Шолпан Қанатқызының диссертациялық жұмысын талдау барысында зерттеу тақырыбының терең зерделенгені, ғылыми аппараттың сауатты құрылғаны және логикалық-құрылымдық мазмұны диссертацияның ізденуші тарапынан дербес дайындалғанын айқын көрсетеді. Жұмыстағы идеялардың дәйектілігі, қолданылған әдістердің орынды таңдауы және авторлық тұжырымдар ізденушінің ғылыми тұрғыдан қалыптасқанын және зерттеу барысын толық меңгергенін дәлелдейді. Автордың ғылыми ойлау машығы, кәсіби тілі және зерттеу нәтижелерін жүйелеу қабілеті жұмыстың бірізділігін және ғылыми пайымның даралығын көрсетеді. Сонымен қатар, ұсынылған практикалық модель мен ұсыныстардың жаңалығы да зерттеу дербестігін айқындай түседі. Жалпы, диссертациялық зерттеу өз бетінше, авторлық жауапкершілікпен және жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Осыған сәйкес, «өзі жазу деңгейі – жоғары» деп бағаланады.
4.	Ішкі бірлік	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Төленді Шолпан Қанатқызының "Жыныстық зорлық-

	принципі	1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасы" тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан қоғамының әлеуметтік-гуманитарлық кеңістігіндегі өзекті мәселелердің бірі – кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың салдарын еңсеру және оларды оңалту тетіктерін жүйелеуге бағытталған. Бұл тақырып қазіргі таңда еліміздің әлеуметтік қызмет жүйесінде, құқық қорғау саласында және отбасылық саясатта өткір тұрған, кешенді ғылыми және практикалық шешімді талап ететін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Ізденуші зерттеу өзектілігін негіздеуде халықаралық және отандық әдебиеттерге, статистикалық деректерге, нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйене отырып, жыныстық зорлық-зомбылық құрбаны болған балалардың әлеуметтік-психологиялық жағдайын, оңалту қажеттілігін, және жүйелі қолдау тетіктерінің жеткіліксіздігін нақты әрі дәйекті түрде көрсете білген. Әлеуметтік жұмыс білім беру бағдарламасының кәсіби пәнаралық сипатын ескере отырып, Шолпан Қанатқызы диссертациясында балалардың денсаулық, білім, психологиялық тұрақтылық және қауіпсіздік құқықтарының қамтамасыз етілуін әлеуметтік оңалту шеңберінде қарастырған. Зерттеу проблематикасы мемлекет тарапынан қолға алынған отбасылық-гендерлік саясатпен, балалар құқығын қорғау стратегиясымен және әлеуметтік қызметті жетілдіруге бағытталған реформалармен тығыз байланыста қарастырылып отыр. Осы арқылы зерттеу жұмысы тек теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық маңыздылығы мен қолданбалы нәтижелілігімен ерекшеленеді. Осылайша, зерттеу жұмысының өзектілігі мазмұндық тұрғыда терең ашылып, ғылыми негізделуі жоғары деңгейде жүзеге асырылған деп толық сеніммен айтуға болады. Сондықтан, бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігі – негізделген деп бағаланады.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ұсынылған диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыппен толық үйлесіп, ондағы негізгі зерттеу мәселелері жан-жақты әрі жүйелі түрде ашылған. «Қазақстандағы жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасы» атты тақырып аясында диссертант әлеуметтік жұмыстың пәнаралық сипаттарын, құқықтық, психологиялық және мәдени контексттегі ерекшеліктерді негізге ала отырып, әлеуметтік оңалтудың кешенді құрылымын қалыптастырған. Зерттеу құрылымында теориялық бөлімде балаларға қатысты сексуалдық зорлықтың әлеуметтік табиғаты мен салдарлары терең қарастырылып, Қазақстандағы қолданыстағы қолдау механизмдері талданған. Эмпирикалық бөлімде жүргізілген тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, контент-талдау және аймақтық статистикалық салыстырулар негізінде жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды оңалтудағы өзекті мәселелер, қиындықтар мен ведомствоаралық әрекеттесу үлгілері ашылып көрсетілген. Сонымен қатар, диссертанттың ұсынған мәдени бейімделген оңалту моделі мен кәсіби әлеуметтік қолдау стратегиялары зерттеу тақырыбын нақты сипаттап қана қоймай, оның қолданбалы маңызын да арттырады. Жалпы, диссертация мазмұны мәлімделген тақырыппен толық сәйкестендірілген және нақты ғылыми-тәжірибелік шешімдерді ұсына отырып, зерттеудің тұтастығын қамтамасыз етеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың зерттеу мақсаты мен оған қойылған міндеттері таңдалған тақырыппен толық сәйкес келеді және тұжырымдамалық тұрғыда қисынды түрде негізделген. Ізденуші Қазақстанда жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту тетіктерін жүйелі түрде қарастырып, осы саладағы қолданыстағы проблемалар мен шешу жолдарын терең зерттеген. Мақсат – жәбірленуші балаларға бағытталған әлеуметтік қолдау мен оңалту қызметін жетілдіруге бағытталған моделін әзірлеу

			болса, оған жету үшін қойылған міндеттер нақты, мазмұнды және жүйелі. Олар теориялық базаға сүйене отырып, әлеуметтік оңалтудың құрылымын ашу, ведомствоаралық өзара әрекеттесудің ерекшеліктерін айқындау, мамандардың тәжірибесіндегі қиындықтарды талдау және халықаралық үлгілерді бейімдеу мүмкіндігін бағалауды қамтиды. Автор жүргізген эмпирикалық зерттеу нәтижелері (эксперттік интервьюлер, кейс-талдау, контент-талдау және ұсыныстар) міндеттердің әрқайсысын нақты әрі дәйекті түрде орындауға мүмкіндік берген. Сонымен бірге, әзірленген авторлық оңалту бағдарламасы мен әдістемелік ұсынымдар бастапқыда қойылған мақсат пен міндеттердің іс жүзінде жүзеге асырылғанын дәлелдейді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың құрылымы нақты ғылыми логикаға бағына отырып, бөлімдер арасында ішкі сабақтастық пен мазмұндық тұтастықты қамтамасыз етеді. Әрбір бөлім алдыңғы бөлімнің ғылыми негіздемесін толықтырып, келесі талдау деңгейіне табиғи түрде өтіп отырады. Теориялық талдаудан басталып, эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне, одан әрі ұсынылған оңалту моделіне ұласатын қисынды құрылым диссертацияның жүйелігін көрсетеді. Зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттер барлық тарауларда бірізділікпен орындалып, қорытындылар нақты дәлелдермен негізделген. Әсіресе, теориялық-әдіснамалық, аналитикалық және қолданбалы бөлімдердің арақатынасы жұмыс мазмұнының ішкі байланысын және оның логикалық тұтастығын дәлелдейді. Ұсынылған авторлық модель де диссертацияның жалпы бағытымен тығыз байланысып, жұмыс құрылымының үйлесімділігін арттырады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста автор ұсынған ғылыми шешімдер мен тәсілдер кешенді және негізделген сипатқа ие. Зерттеу барысында теориялық және қолданбалы материалдарға жүргізілген сыни талдау арқылы бұрыннан белгілі әлеуметтік

		1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	жұмыс әдістері мен шетелдік тәжірибелер салыстырылып, олардың тиімділігі мен шектеулері бағаланған. Бұл салыстырулар тек теориялық тұрғыда емес, нақты эмпирикалық деректер арқылы жүзеге асырылған. Ізденуші әлеуметтік оңалту процесінде қолданылатын тәсілдерді сыни тұрғыда бағалап, жаңа, контекстуалды бейімделген ұсыныстар жасай білген. Айталық, оңалтудағы пәнаралық тәсілдерді, дағдарыстық араласу кезеңіндегі қолдауды, және мәдени-гендерлік факторларды есепке алу – бұл диссертация авторының жеке ғылыми позициясы мен жаңашылдығының дәлелі. Сонымен қатар, автор ұсынған модельдер мен әдістемелік ұсыныстар қолданыстағы тәжірибемен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен жаңашылдығы нақты сипатталған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Осы диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңашылдығы Қазақстанда жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға қатысты әлеуметтік жұмыстың тұжырымдамалық және практикалық негіздерін алғаш рет кешенді түрде зерттеуінен көрінеді. Автор өз еңбегінде әлеуметтік қызметкерлер, құқық қорғау органдары және педагог-психологтар арасындағы өзара әрекеттестік, дағдарыстық араласу кезеңдері, оңалтудың мәдени бейімделуі сияқты өзекті аспектілерді пәнаралық тұрғыдан қарастырған. Жұмыста жартылай жаңа (2) – шамамен 75% жаңалық ретінде бағаланатын ғылыми нәтижелер алынып, диссертациялық талаптарға толық жауап беретін төмендегі ғылыми қағидаттар мен қорытындылар ұсынылған: - Қазақстан жағдайында әлеуметтік оңалту қызметін іске асыруда әлеуметтік қызметкердің трансформацияланған рөлін анықтайтын институционалдық және мәдени-әлеуметтік факторлар теориялық тұрғыдан талданған; - Жыныстық зорлық құрбаны болған балалармен жұмыста қолданылатын әлеуметтік дискурс, сенім шеңбері,

			психоэмоционалдық тұрақтылық және бейімделу мәселелері алғаш рет әлеуметтік жұмыс теориясының аясында жүйелі сипат алған; - Әлеуметтік жұмыстың адаптивтік әлеуеті әлеуметтік әділеттілік пен балалардың құқықтарын қорғау қағидаттарына сүйене отырып тұжырымдалған, бұл әсіресе посттравматикалық кезеңдегі араласу әрекеттерінде маңызды; - Қазақстанда алғаш рет жүргізілген эксперттік сұхбаттар, кейс-стади және құжаттық контент-талдау негізінде балалармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби қиындықтары, ведомствоаралық байланыстардың әлсіз тұстары мен институционалдық кедергілер нақты сипатталған. Тұтастай алғанда, диссертациялық жұмыс әлеуметтік жұмысты ғылым мен кәсіби тәжірибе тұрғысынан үйлестіре отырып, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға және ұлттық әлеуметтік саясатты жетілдіруге бағытталған маңызды ғылыми үлес болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ізденуші жүргізген сапалы эмпирикалық зерттеулерге – атап айтқанда, әлеуметтік жұмыс, психология және құқық салаларындағы мамандармен тереңдетілген эксперттік сұхбаттарға, 7 нақты кейс-стади мен құжаттық контент-талдауға негізделген. Бұл зерттеу әдістері жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға арналған оңалту қызметінің тиімділігін, оның әлеуметтік-психологиялық, институционалдық және мәдени аспектілерін кешенді түрде ашуға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер Қазақстандағы балаларға қатысты жыныстық зорлық проблемасына жауап беретін әлеуметтік жүйенің қазіргі күйін объективті бағалап, оның институционалдық осал тұстары мен ресурстық шектеулерін алғаш рет әлеуметтік жұмыс ғылымы аясында ашып көрсетті. Автор ұсынған қорытындылар пәнаралық өзара әрекеттестік, әлеуметтік қызметкердің кәсіби рөлі мен мәртебесі, отбасымен

			жұмыс, мәдени бейімделу мен оңалту әдістерін жүйелеу арқылы қазіргі ғылыми түсініктерді елеулі түрде толықтырады. Сонымен қатар, ұсынылған авторлық оңалту моделі мен әдістемелік құралдар – тәжірибеде апробацияланған және ұлттық контексте бейімделген инновациялық шешімдер болып табылады. Бұл қорытындылар отандық және халықаралық тәжірибені тоғыстыру арқылы жасалған және Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың ғылыми-тәжірибелік дамуына үлес қосады. Осы негізде диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деп бағаланады және ғылыми жаңалық деңгейі жоғары.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ізденуші ұсынған диссертациялық зерттеу барысында қабылданған басқарушылық және әлеуметтік-практикалық шешімдер кешенді, пәнаралық және инновациялық сипатымен ерекшеленеді. Атап айтқанда: - Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің құрылымдық-ұйымдастырушылық шешімдері, оның ішінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл механизмдері (әлеуметтік қызметкер – педагог – психолог – құқық қорғау органдары) алғаш рет нақты ұсыныстармен негізделген; - Әлеуметтік оңалту процесінің басқару тиімділігін арттыруға арналған авторлық үлгі – әлеуметтік қызметтің шұғыл әрекет ету, отбасымен жұмыс, психоэмоционалдық қолдау және мәдени бейімделу блоктарынан тұратын жүйелі бағдарлама түрінде ұсынылған; - Эмпирикалық база негізінде әзірленген әдістемелік құрал мамандар даярлау, дағдарыс орталықтарын дамыту және балаларды кешенді қорғау жүйесін нығайту бойынша басқарушылық шешімдердің жаңалығын көрсетеді; - Сонымен қатар, зерттеу дизайны, деректерді жинау және талдау техникасы (эксперттік сұхбат, кейс-стади, контент-талдау) – Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс саласында

			жыныстық зорлық құрбандарымен жұмыс істеу тәжірибесіне арнайы бейімделіп, алғаш рет кешенді түрде қолданылды. Бұл шешімдердің барлығы отандық әлеуметтік саясат пен әлеуметтік жұмысты басқару тәжірибесінде қолдануға болатын жаңа тәсілдерді ғылыми негізде ұсынуға бағытталған. Осы арқылы автордың қабылдаған техникалық және басқарушылық шешімдері толығымен жаңа және негізделген деп бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitativeresearch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар жан-жақты дәлелдемелер мен жүйелі талдауға негізделген. Автордың қолданған сапалы зерттеу әдістері – эксперттік сұхбаттар, кейс-стади, контент-талдау және дәлелдемелерді триангуляциялау – зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен шынайылығын қамтамасыз етеді. Зерттеу барысында жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалтудың ерекшеліктері, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимыл, мәдени бейімделу және институционалдық кедергілер терең талданған. Автор тек қана өз зерттеуінің деректерімен шектелмей, қазақстандық және халықаралық тәжірибелерге, БҰҰ, ЮНИСЕФ, ДДСҰ-ының дереккөздеріне сүйене отырып, кең ауқымды салыстырмалы негіздеме жасаған. Сонымен қатар, диссертацияда алынған нәтижелердің негізінде ұсынылған авторлық оңалту моделі мен әдістемелік ұсыныстардың дәлелділігі арнайы мамандар мен тәжірибелі практиктермен келісілген сұхбаттармен бекітілген. Осы аспектілердің барлығы негізгі қорытындылардың ғылыми тұрғыдан толық дәлелденгенін және зерттеудің сапалы сипатымен үйлесетінін көрсетеді. Сондықтан диссертацияның негізгі тұжырымдары сенімді, негізделген және ғылымилық талаптарына толық сай деп бағаланады.
7.	Қорғауға шығарылған	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	Ізденушінің диссертациялық жұмысында әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік институт ретіндегі маңыздылығы мен балаларды

	негізгі қағидаттар	7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	жыныстық зорлықтан кейінгі оңалту процесіндегі рөлі тың қырынан қарастырылған. Автор зерттеу барысында бірнеше маңызды ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсыныстарды ұсынған, олардың мазмұны ғылыми жаңашылдық пен қолданбалы мәнге ие екендігімен ерекшеленеді. Біріншіден, әлеуметтік жұмыстың посттравмалық реабилитация саласындағы кәсіби рөлі және ведомствоаралық өзара әрекеттесу қажеттілігі теориялық тұрғыдан негізделген дәлелденді. Бұл тұжырым жаңа, тривиалды емес, кең қолдану деңгейіне ие, және ғылыми мақалада жарияланған. Қазақстандық жағдайға нақты бейімделген практикалық шешімдер ұсынылуы жұмыстың жаңашылдығын арттырады. Екіншіден, жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға қолдау көрсету барысында туындайтын институционалдық және психоәлеуметтік кедергілер кешенді түрде талданған. Зерттеуде бұл кедергілерді еңсерудің құрылымдық, этикалық және кәсіби тетіктері анық көрсетілген. Қағидат тривиалды емес, жаңа, кең қолдануға жарамды және жарияланымда дәлелденген. Үшіншіден, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби идентификациясы мен қоғамдағы қабылдануы арасындағы қайшылықтар терең зерттелген. Бұл қағидатта өзіндік стигматизация мен кәсіби сенімсіздік себептері эмпирикалық сұхбаттар арқылы дәлелденіп, тривиалды емес, жаңа көзқарас, және кең қолданыстағы тұжырым ретінде ұсынылған. Нәтижелер ғылыми мақалаларда жарияланған. Төртіншіден, зерттеуде әлеуметтік жұмыстың мәдени контексте іске асырылу ерекшеліктері ескеріліп, халықаралық тәжірибе мен ұлттық болмысты ұштастыру жолдары ұсынылған. Бұл тұжырым жаңа, тривиалды емес, теориялық және қолданбалы тұрғыда кеңінен қолдануға жарамды және мақалада расталған. Бесіншіден, зерттеу нәтижесінде әзірленген авторлық оңалту моделі мен әдістемелік ұсыныстар — диссертацияның қолданбалы мәнінің айқын дәлелі. Бұл модель Қазақстандағы

			жыныстық зорлық көрген балалармен жұмыс істеуге бағытталған мамандар үшін нақты ұсыныстар береді. Қағидат дәлелденген, жаңашыл, тривиалды емес, кеңінен қолдануға ұсынылған, және ғылыми жарияланыммен расталған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Ұсынылған диссертациялық жұмыста қолданылған әдіснамалық тәсілдер мен зерттеу стратегиялары толық негізделген. Автор зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, ұғымдық аппаратты нақты тұжырымдап, ұғымдарды операционализациялау арқылы зерттеу пәнін дәл айқындаған. Зерттеу әдістері – сапалы интервьюлер, кейс-стади әдісі, контент-талдау, дескриптивтік және салыстырмалы талдау – диссертация құрылымымен тығыз байланысты және қойылған ғылыми сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді. Әдістерді таңдауда автор отандық және шетелдік теориялық мектептерге сүйене отырып, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талдаған, бұл өз кезегінде теория мен тәжірибе арасындағы байланысты нығайтады. Мәлімделген қағидаттар логикалық жағынан негізделіп, эмпирикалық деректермен расталған, бұл зерттеудің ішкі дәйектілігін және ғылыми сенімділігін қамтамасыз етеді. Қорытындылай келе, диссертацияда қолданылған барлық дереккөздер мен әдістер жүйелі түрде дәйектелген, теориялық және практикалық материалдар арасындағы байланыс анық және ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу нәтижелері заманауи сапалық әдістермен қатар Power BI сынды аналитикалық құралдарды қолдану арқылы алынған. Диссертациялық жұмыста терендетілген эксперттік сұхбаттар, кейс-талдау, контент-талдау және ғылыми-метрикалық талдаулар жүргізілді. Бұл мәліметтер Power BI платформасы көмегімен визуализацияланып, интерактивті диаграммалар мен инфографикалар арқылы түсіндірілді. Power BI көмегімен: - Сапалық мәліметтер құрылымдалып, мазмұндық кодтарға

			бөлінді; - контент-талдау нәтижелері тақырыптық жиіліктерге бөлініп, визуалды түрде көрсетілді; - ғылыми-метрикалық мәліметтер (жарияланым саны, авторлық белсенділік, тақырыптық трендтер) графиктер мен сүзгілер арқылы ұсынылды; - салыстырмалы мәліметтер динамикалық түрде салыстырылып, зерттеу нәтижелерінің айқындылығы мен дәлдігі артты. Power BI қолдану зерттеу нәтижелерін көрнекі, дәл және түсінікті ұсынуға мүмкіндік беріп, зерттеудің аналитикалық сапасын едәуір жоғарылатты.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс әлеуметтік жұмыстың теориялық тұжырымдамалары мен құрылымдарын терең мазмұндық талдау негізінде жүйелендіріп, зерттеу нысаны мен пәніне қатысты жаңа өзара байланыстар мен заңдылықтарды айқындаған. Бұл теориялық қорытындылар эмпирикалық деректермен нақты дәлелденіп, тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, кейс-талдау, контент-талдау, сондай-ақ ғылыми-метрикалық сараптамалар негізінде расталған. Зерттеу барысында алынған сапалық деректер Power BI аналитикалық платформасы арқылы визуализацияланып, өзара байланыстар мен әлеуметтік процестердің заңдылықтары интерактивті форматта ұсынылды. Нәтижесінде: - әлеуметтік жұмыстың балаларға арналған оңалту қызметіндегі институционалдық рөлі; - жыныстық зорлықтан кейінгі психоәлеуметтік қолдаудың мәдени, әлеуметтік факторлармен байланысы; - әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби идентификациясына әсер ететін факторлар жүйесі; - ведомствоаралық өзара әрекеттесудің құрылымдық қажеттілігі мен әсері сынды заңдылықтар айқындалды. Аталған қорытындылар теориялық-эмпирикалық триангуляция

			арқылы негізделіп, диссертацияның ғылыми және практикалық салмағын арттырады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыста ұсынылған маңызды тұжырымдар мен ғылыми пайымдаулар тиісті сілтемелер арқылы заманауи, сенімді және академиялық қауымдастық мойындаған ғылыми әдебиеттермен негізделген. Автор өз зерттеуінде: - халықаралық ұйымдардың (ЮНИСЕФ, ДДСҰ, БҰҰ) баяндамаларына; - әлеуметтік жұмыс, травматология, психология және балаларды қорғау саласындағы классикалық және заманауи ғылыми еңбектерге; - қазақстандық және шетелдік ғылыми журналдарда жарияланған рецензияланған мақалаларға; - әлеуметтік жұмыс теориялары мен тәжірибелерін талдайтын пәнаралық зерттеулерге жиі және дәл сілтеме жасаған. - Бұл дәйектілік жұмыстың ғылыми адалдығы мен сенімділігін қамтамасыз етіп, диссертация мазмұнының дәлдігі мен зерттеудің сапасын арттырады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Үміткердің диссертациялық жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі мазмұндық жағынан да, сандық тұрғыдан да әдеби шолуға жеткілікті. Автор зерттеу тақырыбына тікелей қатысты заманауи, теориялық және эмпирикалық еңбектерді кеңінен қамти отырып, тақырыптың ғылыми-көпқырлы қырларын ашуға мүмкіндік берген. Әдебиеттер арасында: - халықаралық және ұлттық деңгейдегі ғылыми журналдардағы рецензияланған мақалалар; - монографиялар; - халықаралық ұйымдардың есептері; - отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері қамтылған.

			Жалпы саны 197 әдеби дереккөзден тұратын тізім зерттеу жүргізу үшін қажетті теориялық негіз бен салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді және диссертациялық зерттеудің сапасын арттыра түседі. Осылайша, әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті деп есептеледі.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Автор ұсынған диссертациялық жұмыс теориялық маңызы жағынан жоғары бағаланады, себебі ол әлеуметтік жұмысты қоғамдық қабылдаудың мазмұнын терең зерделей отырып, осы саладағы тұжырымдамалық-әдіснамалық негіздерді елеулі түрде толықтырады. Зерттеу барысында әлеуметтік жұмыстың институционалдық табиғаты, оның кәсібиленуі, әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесі мен рөлінің трансформациясы, сондай-ақ қоғамдағы қабылдану ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан қайта пайымдалған. Бұл тұжырымдар әлеуметтік жұмыстың теориялық негіздерін кеңейтіп, оны әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі дербес сала ретінде орнықтыруға ықпал етеді. Диссертацияда жасалған қорытындылар мен тұжырымдар қазіргі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер жағдайында өзекті мәнге ие және алдағы уақытта осы тақырып аясында жүргізілетін ғылыми зерттеулерге тұжырымдамалық-әдіснамалық іргетас бола алады. Сонымен қатар, жұмыс нәтижелері әлеуметтік саясаттың ғылыми қамтамасыз етілуіне, әлеуметтік қызметтің сапасын арттыруға және оның қоғамдық беделін көтеруге ықпал ететін теориялық үлес ретінде қарастырылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы айқын және жоғары деңгейде бағаланады. Автордың зерттеу нәтижелері нақты мақсатты топ — әлеуметтік қызметкерлерге бағытталып, оларды кәсіби тұрғыда қолдау мен оқыту, қызмет барысындағы қиындықтарды еңсеру және қоғамдағы беделін арттыру мақсатында қолдануға болады. Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен модельдер нақты өмірлік жағдайларда пайдалануға бейімделген, бұл зерттеудің қолданбалы сипатын

			арттырады. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен ұсыныстар мемлекеттік басқару органдары мен әлеуметтік сала мекемелеріне арналып жасалғандықтан, оларды әлеуметтік саясатты жетілдіру, оңалту жүйесін дамыту және ведомствоаралық өзара әрекеттестікті нығайту барысында тиімді қолдануға болады. Диссертацияда ұсынылған шаралар мен ұсыныстар әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби дамуына ықпал етіп қана қоймай, жалпы әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыруға да бағытталған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Осы диссертацияда алынған нәтижелер мен тәжірибеге арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, өйткені олар жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды оңалтуда ведомствоаралық өзара әрекеттестікке, кешенді әлеуметтік-психологиялық қолдауға, мәдени контекске бейімделген реабилитациялық тәсілдерге, сондай-ақ балалармен жұмыс істейтін мамандарға арналған авторлық оңалту бағдарламасы мен әдістемелік құралдарға негізделген. Бұл ұсыныстарды әлеуметтік қызмет көрсету, білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер, пенитенциарлық жүйе және жұмыспен қамту салаларында кешенді түрде қолдануға болады. Сонымен қатар, оларды Қазақстанның әлеуметтік саясатына интеграциялауға әлеуеті зор.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Автор ғылыми стиль талаптарын сақтай отырып, күрделі әлеуметтік-ғылыми категориялар мен ұғымдарды нақты, дәйекті және жүйелі түрде талдай білген. Мәтінде қолданылған ғылыми терминология мен тұжырымдар зерттеу пәніне — жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасына — толық сәйкес келеді және зерттеу барысындағы идеялар мен аргументтерді айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеудің құрылымы бірізді, бөлімдер арасында логикалық байланыс сақталған. Жазу стилі ғылыми тіл нормаларына сай, тұжырымдар дәйекті дәлелдермен бекітіліп, әдебиеттерге

			сауатты сілтемелер келтірілген. Сонымен қатар, диссертацияда зерттеу нәтижелерін баяндау барысында ғылыми нақтылық, категорияларды дәл таңдау және тақырыпқа сай академиялық лексика сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Ведомствоаралық өзара әрекеттесу аспектісін кеңейту мүмкіндігі бар. Диссертациялық жұмыста жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларға кешенді көмек көрсету мәселесі аясында маңызды мәселелер көтерілген. Алайда, әртүрлі сала мамандарының (әлеуметтік қызметкер, педагог-психолог, құқық қорғау органдары өкілдері) үйлесімді өзара іс-қимылының нақты тетіктері тереңірек сипатталса, зерттеу нәтижелерінің қолданбалы маңыздылығы арта түсер еді. Осыған байланысты, ведомствоаралық өзара әрекеттесудің құрылымдық модельдері, шетелдік және отандық тәжірибе арасындағы салыстырмалы шолулар ұсынылса, диссертацияның практикалық мазмұны толықтырылып, жүйелі ұсыныстармен байытылар еді. 2. Кәсіби мамандардың жұмыс барысында кездесетін қиындықтарын нақтылау диссертация мазмұнын тереңдете түсер еді. Зерттеу барысында әлеуметтік оңалту процесінің негізгі кезеңдері мен тәсілдері баяндалғанымен, осы бағытта жұмыс істейтін мамандардың (әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, педагогтар) кәсіби тәжірибесінде кездесетін әлеуетті қиындықтары мен тосқауылдарына (мысалы, эмоционалдық жүктеме, нормативтік шектеулер, қоғам тарапынан қолдаудың жеткіліксіздігі) кеңірек тоқталынса, бұл жұмыстың практикалық маңызын арттыра түсер еді. Мұндай мәліметтер эксперттік сұхбат немесе кейстік талдаулар арқылы нақтыланса, зерттеу нәтижелері мамандарды даярлауға және әлеуметтік саясатты жетілдіруге тікелей үлес қосуы мүмкін. 3. Халықаралық тәжірибені бейімдеу тәсілдеріне нақты мысалдар келтіру ұсынылады.

			Диссертациялық жұмыста шетелдік оңалту модельдеріне шолу жасалғаны құптарлық. Дегенмен, олардың қазақстандық әлеуметтік-мәдени және институционалдық ерекшеліктерге сай бейімделу мүмкіндіктері нақтырақ ұсынылса, зерттеудің ғылыми және практикалық әлеуеті тереңдей түсер еді. Ұлттық контексте жұмыс істеудің ерекшеліктерін (құндылықтар жүйесі, кәсіби дәстүр, құқықтық орта) ескере отырып, нақты бейімдеу мысалдарын ұсыну – болашақта бұл модельдердің енгізілуі мен жүзеге асырылуына нақты бағдар бола алады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докоранттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторант жариялаған ғылыми мақалалар диссертациялық зерттеудің теориялық-эмпирикалық негізін қалыптастыратын өзекті мәселелерге арналған және зерттеудің құрылымдық міндеттерін ашуға бағытталған. Жарияланымдарда балаларға қарсы жыныстық зорлық-зомбылықтан кейінгі әлеуметтік оңалту процесінің ерекшеліктері, әлеуметтік жұмыстың кәсіби тұғырнамасы, қызметкерлердің кәсіби рөлі мен қоғамдағы бейнесі, ведомствоаралық ықпалдастық, сондай-ақ ұлттық контексте халықаралық тәжірибені бейімдеу мәселелері қарастырылған. Мақалаларда қолданылған сапалы зерттеу әдістері – тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, кейс-талдау, контент-талдау, ғылыми-метрикалық және аймақтық салыстырмалы талдау – қазіргі әлеуметтік ғылымдар талаптарына толық сәйкес келеді және диссертанттың дербес ғылыми жұмыс жүргізгенін айғақтайды. Әрбір мақалада теориялық тұжырымдар эмпирикалық деректермен байланыстырылып, ғылыми аргументация жүйелі құрылыммен ұсынылған. Докоранттың мақалалары беделді халықаралық (Scopus, Web of Science) және отандық (ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдар) ғылыми журналдарда жарияланып, зерттеу нәтижелерінің ғылыми орта тарапынан танылғанын дәлелдейді. Бұл жарияланымдарда ғылыми жаңалықтың элементтері, теориялық маңыздылығы мен тәжірибелік қолданбалығы нақты және

			дәйекті түрде көрініс тапқан. Жалпы алғанда, ғылыми мақалалар сериясы диссертациялық жұмыстың мазмұнына толығымен сәйкес келеді, жоғары ғылыми деңгейде орындалған және философия докторы (PhD) дәрежесін алу талаптарына толық сай келеді деп есептейміз.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан «Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасы» тақырыбының ғылыми өзектілігі мен практикалық мәнін терең әрі жан-жақты аша алған. Зерттеу сапалық әдістерге негізделе отырып жүргізілген, алынған нәтижелер теориялық және қолданбалы тұрғыдан негізделген, сонымен қатар нақты ұсыныстармен қамтамасыз етілген. Ізденуші әлеуметтік қызмет жүйесіндегі өткір мәселелерді, әсіресе жыныстық зорлық көрген балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің құрылымдық, институционалдық және кәсіби аспектілерін кешенді түрде сараптап, ғылыми тұрғыда дәйекті ұсыныстар жасаған. Автор ұсынған әдіснамалық шешімдер, оңалту үлгілері мен кәсіби интервенция тәсілдері жаңашылдығымен және қолдану мүмкіндігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, ізденушінің ғылыми жарияланымдары диссертациялық тақырыппен тікелей байланысты, зерттеу міндеттерін толық қамтыған және халықаралық, республикалық беделді басылымдарда жарияланған. Бұл ғылыми еңбектің ғылыми орта тарапынан танылғанын және талаптарға сай екендігін көрсетеді. Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, диссертациялық жұмыс мазмұны мен рәсімделуі бойынша «8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді деп есептеймін.

Шешімі: Төленді Шолпан Қанатқызының «8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі ғылым мен тәжірибенің өзара ықпалдастығына негізделген, мазмұндық құрылымы үйлесімді, ғылыми жаңалығы айқын және қоғам үшін аса маңызды мәселеге арналған. Зерттеу жұмысы Қазақстанда сексуалдық зорлыққа ұшыраған балаларды оңалтудың әлеуметтік-психологиялық тетіктерін зерттеуге бағытталған алғашқы кешенді еңбектердің бірі болып табылады. Автор жыныстық зорлық құрбаны болған балалармен ведомствоаралық өзара әрекеттесудің тиімді жолдарын, әлеуметтік қызметкердің рөлін және көпсалалы реабилитациялық тәсілдерді теориялық және практикалық тұрғыдан дәлелдеген. Диссертациялық зерттеу сапалық әдістер – тереңдетілген эксперттік сұхбат, контент-талдау, ғылымиметрикалық және аймақтық-статистикалық сараптау арқылы жүргізіліп, зерттеу нәтижелері шынайылық пен сенімділік талаптарына толық жауап береді. Зерттеудің тұжырымдары мен ұсыныстары нақты, қолданбалы және еліміздің әлеуметтік жұмыс жүйесіне енгізуге болатын дайын үлгілерді ұсынады. Жұмыстың тағы бір артықшылығы – автордың ұсынған авторлық оңалту бағдарламасының құрылымдылығы мен бейімделу мүмкіндігінің кеңдігі. Бұл бағдарлама Қазақстан өңірлеріндегі әлеуметтік қызмет құрылымдарында тәжірибе жүзінде қолдануға жарамды және әлеуметтік саясатты жетілдіруге нақты үлес қоса алады. Қорытындылай келе, диссертациялық жұмыс мазмұны, құрылымы және ғылыми-практикалық маңыздылығы жағынан философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толық сәйкес келеді және қорғауға ұсынылуы тиіс деп есептеймін.

Осыған байланысты, ізденушіге 8D11401 – «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ресми рецензент:

Дуйсенова София Малкайдаровна –
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
PhD доктор,
С.Д. Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина университеті

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Руководитель отдела документационного обеспечения и контроля
РАО «Казахский национальный медицинский университет имени С.Д.Асфендиярова»